



● **ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ**



**Гүлназым САҒИТОВА**

Жалпы қалалық мектеп бітірушілер салтанаты «Қош бол, мектебім!» деген атпен үстіміздегі жылы Тобыл өзенінің жанындағы «Шағала» жағажайында өтті. Әдетте, жыл сайын салтанат кеші облыс әкімдігі жанындағы алаңда өтуші еді. «Неге?» деген сұрақтар көп болғанымен, мектеп бітіруші түлектер үшін осы салтанат кеші ерекше болып естерінде қалары сөзсіз. Өйткені, бірнеше күннен бері басылмай тұрған аптап ыстықтан, шақырайған күн көзінен көк жүзінде қалықтаған ақша бұлттар салтанат барысында бір сәт

жастарды көлегейлеп тұрғандай болды, ал, Тобылдан салқын самал есіп тұрды.

«Шағала» жағажайына жиналған салтанат иелері — мектеп бітіруші түлектердің, ата-аналардың, ұстаздарының жүздері күлімдеп, қуанышқа бөленген. Кеше ғана көңілдерін сан-саққа жүгірткен, сары уайымға салдырған ҰБТ-да ұмыт қалғандай. Бәрі шат-шадыман. Шоқ-шоқ гүлдер. Бойжеткендер мен бозбалаларды танымайсың, Бәрі де әсем, көркем. Үстеріне киген киімдері қандай әдемі, қонымды, заман талабына сай стильді, жарасымды. Қалықтаған әсем музыка ойнап тұрды. Асқақ арман оларды қол бұлғап шақырғандай.

Міне, салтанат та басталды. Жиналған салтанат ие-

лерін облыс әкімі Н. Садуақасов құттықтады.

— Бүгін сіздер үшін ерекше күн. Өмірлеріңіздің жаңа кезеңі басталды. Биыл облысымыздағы мектептерімізді 4500 түлек бітіріп отыр. Әрқайсыңызды алда асқақ арман күтіп тұр. Кең байтақ еліміздің қай түкпірінде жүрсеңіздер де туған өлкелеріңізді, мектептеріңізді, білім берген ұстаздарыңызды ұмытпағайсыздар. Еліміздің патриоты болыңыздар. Барлықтарыңызға сәт-сапар, ақ жол тілеймін, — деді облыс әкімі.

**Суретте: салтанаттан көрініс.  
Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.**

2-бет.

## Бірлік пен ынтымақ аясында...



**Облыс орталығындағы Е.Өмірзақов атындағы филармонияда аймақ басшысы Н.Садуақасовтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIII кезекті сессиясы болып өтті.**

Сессияға ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты З.Саяпова, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, этномәдени бірлестіктерінің, мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Жиын барысында облыстық Ассамблеяның құрамындағы өзгерістер, Елбасының Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында тапсырған тапсырмалардың жүзеге асырылуы туралы әңгіме болды.

Сессияда облыс әкімінің орынбасары М.Дәрібаев, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері Н.Суслова, Д.Гусак, Н.Шпагина, Торғай гуманитарлық колледжінің директоры С.Тасмағанбетов және тағы басқалар шығып сөйледі. Олар өз сөздерінде еліміздің тәуелсіздік алған жылдан бері әлем қауымдастығының алдында Қазақстан толеранттылықтың ерекше моделін қалыптастырғанын, қоғамымызда бейбітшілік пен жалпұлттық келісімді сақтап отырған оң тәжірибе көпте-

ген мемлекеттер үшін мысал екенін атап өтті. Бүгінде тағдыры мен мақсаты бір облыс жұртшылығының алдында жалпы азаматтықтың бірдейлігін қалыптастыру міндеті тұр. Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамашылығымен жергілікті жерлерде құрылған қоғамдық келісім кеңестерінің рөлі артып отыр екен.

Облыс аясында Ассамблеяның 20 жылдығына арналған «Бейбітшілік пен келісімнің Жол картасы» атты мега-жобаның бірінші кезеңі аяқталды, жоба бойынша Ассамблеяның әлеуметтік жұмыстарының бағыты қала мен ауданға назарын аударса, келесі кезеңде «Бір ел, бір халық» негізгі мақсатты жүзеге асыру.

2-бет.

## Терроризмге қарсы комиссияның кезекті отырысы өткізілді

2015 жылғы 17 маусымда облыс әкімі Н.М.Садуақасовтың төрағалық жасауымен терроризмге қарсы комиссияның кезекті отырысы болып өтті. Оған құқық қорғау, арнайы және жергілікті атқарушы органдарының бірінші басшылары қатысты.

Іс-шарада Қостанай облысында әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардың іске асырылу тиімділігі, сондай-ақ қоғамды терроризм мен діни экстремизм идеологиясының ықпалынан қорғау үшін халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы Т.Көнекбаев, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Е.Жаулыбаев, сондай-ақ Әулікөл ауданының әкімі А.Балғарин баяндама жасады.

Комиссия төрағасы Н.М.Садуақасов терроризм мен діни экстремизм идеологиясының өңірде таралуына ықпал жасайтын барлық жағдайлар мен факторларды жою жөнінен барлық мүдделі құрылымдардың үйлесімді бірлескен жұмысының қажеттігін атап көрсетті.

Терроризмге қарсы комиссия отырысының қорытындысы бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

**Қостанай облысы әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссияның аппараты.**



## Қоғамдық қабылдау өткізді

**Қымбат  
ДОСЖАНОВА**

Қостанай қалалық мәслихатының депутаты **Марина Бут қоғамдық қабылдау өткізді. «Нұр Отан» партиясы ҚҚФ-да өткен шараға бес азамат қатысып, халық қалаулысына арыз шағымдарын айтты.**

Қаланың байырғы тұрғыны Валентина Зигова жер учаскесіне байланысты сұрақ қойған болатын. Аталған азаматтың меншігіндегі жерді көршісі пайдаланып, жеке бизнесін ашуды жоспарлап отыр. Ал жер иесі көршісінің әрекетіне қарсы. Жапа шегуші тарапқа не істемек керек? Бұл оқиға бойынша депутат М.Бут ҚР заңнамасына сай дұрыс шешім қабылдау керектігін түсіндірді. Яғни, азамат В.Зигова ең алдымен сотқа шағымданатын болды. Қоғамдық қабылдауға жазылғандардың бірі, жас ана Татьяна Мовчан баласын балабақшаға орналастыра алмай әлек. Халық қалаулысы бұл мәселеге қалалық білім бөлімі жауапты екендігін жеткізді. Аталған бөлімге арыз жазу керектігін де айтты. Осы аталған мәселелер қалалық мәслихат депутаты Марина Буттың бақылауында болмақ.

## Салықтан жалтаруға болмайды

**Шұға  
ҚОҢҚАБАЙ**

Облыс тұрғындарының мемлекет алдындағы салық қарызы 2 млрд. теңгеге жеткен.

Борышкерлерге қатысты заң жүзінде қатаң шаралар қолданғанымен оның нәтижесі шамалы. Бұл туралы Қостанай облысы бойынша мемлекеттік кіріс департаментінде өткен брифингте мәлім болды.

Өткен жылмен салыстырғанда халықтың мемлекет алдындағы салық қарызы 5 есеге артып, қазір 2 млрд. теңгеге жетіп отыр. Борышкерлер тізімінің дені бизнесмендерге тиесілі. Олар хабарламаларға аса мән бермейді. Сәйкесінше Үкімет мәжбүрлі шараға барады. Қазынаға қарызы барлардың мүлкі тәркіленеді. Аталмыш әдістің іске асуы бұл мәселенің оң шешілуіне ықпал ете бастады дейді мамандар.

— Қарызы бар борышкерлердің банктегі есеп-шоттарын жауып, қаржы саласында қандай да бір әрекеттерге тыйым салуға толық құқымыз бар. Сот орындаушыларын тартуды кеңінен қолданысқа енгізе бастадық. Ол да өз тиімділігін көрсетті. Осындай әдістердің арқасында жыл басынан бері мемлекет қазынасы 700 млн. теңгеге толықты. Берешек азаматтардың ел аумағынан шығуына тосқауыл қоятын заңның биыл қабылдануы да жұмысымызға оң ықпал тигізді. Мәселен, шекара аспақ болған 7 борышкер амалсыз ат басын кейін бұрды, — дейді Қостанай облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің бөлім басшысы Зарина Бекмұхамедова.

Алдағы уақытта қыруар қаржыны мемлекет меншігіне қайтарту үшін кіріс және құқық қорғау органдары бірлесіп рейд ұйымдастырмақ ниетте.

## Занды белден басқан

**Айбек  
КӘДІРҰЛЫ**

Қостанай аудандық кәсіпкерлер палатасы прокуратура қызметкерлерімен бірлесіп отырып, кәсіпкерге қол ұшын созды.

Палатаға шағым түсірген шаруа қожалығының жетекшісі Ғалиәскер Қасымов 2015 жылы аудандық әкімдік Половников селолық округіндегі өзіне тиесілі (жалпы көлемі 340 га) жер телімін бір жақты шешті деп түсіндіреді.

Әкімдіктің осы іс-әрекетін кәсіпкер заңсыз деп санайды. Өйткені, кезінде аталған жер телімі оған ұзақ мерзімге пайдалануға беріліпті. Екі жақты келісім күні бүгінге дейін күшін жоймаған.

Осы мәселені жіті тексеру барысында палата сарапшылары мен аудандық прокуратура қызметкерлері кәсіпкердің құқығы аяқасты болғанын анықтады. Яғни, мемлекеттік органдар заңды белшеден басқан.

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңның 92 және 8 баптарын өрескел бұзылған. Мәселен, кәсіпкер Ғ. Қасымовтың жер телімін пайдалану құқығы туралы шарт өзгертілмеген. Ал, әділет органдары оны тіркеуді мүлде естерінен шығарып алса керек. Негізі, мұндай талаптар Жер кодексіне сәйкес сот тәртібі бойынша жүргізілуі тиіс.

— Бүгінгі таңда, аудандық прокуратура заңдылықтың бұзылуын жою туралы Қостанай ауданы әкімінің атына ұсыныс-хат жолдады. Онда заңды тұлғадан жер телімін мәжбүрлі түрде алу туралы қаулыны жою және лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту жөнінде айтылған, — дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының директорының орынбасары Самат Сәдуақасов.

## Абзал жандар алғысқа бөленді

**Қасқырбай  
ҚОЙШЫМАНОВ**

Маусым айының үшінші жексенбісі — Медицина қызметкерлерінің күні. Облыс әкімі Нұралы Садуақасов осы саланың қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтады. Олардың халық алдындағы жауапты еңбектері үшін алғыс айтты. Адам денсаулығы — қоғамның басты байлығы десек, тұрғындардың саулығын сақтауда күндіз-түні тынымсыз еңбек ететін дәрігерлердің рөлі әрдайым ерек. Жылы сөзімен, шипалы ем-домымен науқас жанды ажал тырнағынан алып қалып, екінші өмір сыйлап жататын өз мамандығының адал қызметшілері қандай құрметке болса да лайықты.

«Еңбек — адамның көркі, адам — заманының көркі» дегендей, денсаулық сақтау саласында аяңбай тер төгіп, ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, халықтың жылы ықыласы мен алғысына бөленіп келе жатқан бір топ медицина қызметкерлері мереке қарсаңында біраз мара-



паттарға ие болды.

Арқалық перзентханасының қызметкері Фаина Молдашева, облыстық аурухананың хирург дәрігері Сергей Мановицкий, облыстық патологиялық анатомия бюросының дәрігері Наталья Дулина Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Құрмет грамотасымен марапат-

талды. Сондай-ақ, облысымызға еңбегі сіңген бірқатар дәрігерлер «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісін тағынды. Және тағы да үш тәжірибелі маман «Еңбек ардагері» медаліне ие болды. Облыс әкімінің Құрмет грамотасымен үш дәрігер марапатталды.

**Суретті түсірген: Айбек ЖҰЗБАЙ.**

## Арман алға жетелейді

**1-бет.**

Содан кейін аймақ басшысы он бір жыл бойы тек «5» деген бағаға оқып, Ұлттық бірыңғай тестілеуде сол алған білімдерін дәлелдеп, «Алтын белгіге» ие болғандарды құттықтап, ақшалай сыйлық табыстап, кеуделеріне «Алтын белгілерін» тақты. Биылғы жылы осы «Алтын белгіге» үміткерлердің саны облыс бойынша 120 болатын-ды, солардың баржоғы 40 ғана ҰБТ-да білімдерін дәлелдеп шықты. Аз ба, көп пе? Сонымен, «Алтын белгімен» марапатталғандардың қатарында облыс орталығындағы дарынды балаларға арналған Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-интернатының төрт түлегін де атап айтсақ, Нарқыз Макенова, Гүлназ

Жаңабай, Кәмила Базылбекова, Айғаным Төлеухан бар.

— Бәріне ризамын, қуаныштымын. Ұстаздарымды, ата-аналарымды, достарымды құттықтаймын. Білімдеріне, тәрбиелеріне, артқан сенімдеріне рахмет. Оларға деген алғысым шексіз, — деді Кәмила Базылбекова.

Сол секілді С.Мәуленов атындағы гимназияның қос түлегі Әйгерім Ещанова, Гүлшат Әділбекова де «Алтын белгілерін» ҰБТ-да дәлелдеп шықты. Құттықтаймыз! Салтанатта жиналғандарды түлектер атынан Қостанай қаласындағы №23 орта мектебін бітірушісі Диана Асаубаева құттықтады, жылы лебізін білдіріп, түлектерге, ұстаздарға, ата-аналарға рахметін айтты.

Салтанат аясында «Алтын белгі» иелері облыс әкімімен естелікке суретке түсті. Аспанға түрлі-түсті шарлар ұшты. Соңғы мектеп вальсі ойнады. Сахнаға білім берген ұстаз-жетекшілер де көтерілді. Оларға да рахмет айтылды, түлектер гүлдерін сыйлады. Сол сәтте жаздың жылы жаңбыры себелей жөнелгені. Сән көйлектері мен опа-далаптары жаңбырға малынбасын деп бозбалаларымыз костюмдерін іле-шала шешіп, сыныптас дос бойжеткендердің үстіне шатыр құсап көлегейлеп ұстап тұрды. Қалай ғана сүйсінбессіз! Соңғы кезде селфиге түсу әдетке айналғандай, кеш жүргізушілері түлектерді жаңбыр астында сол селфиге түсуге шақырды. Кеш соңы концертке ұласты.

## Бірлік пен ынтымақ аясында...

**1-бет.**

Әрбір шығып сөйлеген шешендерге облыс әкімі өзінің сұрағын да қойып отырды.

Сонымен бірге облыс әкімі Н.Садуақасов өз сөзінде, бүгінгі таңда толеранттылықты, этносаралық қарым-қатынасты нығайту үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану қажеттігін атап өтті.

— Бұл өмірде қатып қалған ештеңе жоқ, алайда діни экстремизм проблемасы бар екенін айтқанымыз жөн. Сондықтан біздің атқаратын жұмыстарымыз, істеріміз нақты, оң болуы тиіс. Біз елімізде яғни, Қазақстан Республикасында қабылданған заңдар аясында өмір сүріп, сол бойынша алға жылжуымыз қажет. Және де алыс та жақын мемлекеттермен өзара ынтымақтастықта болатынымыз айқын, — деді облыс әкімі.

Жиын аясында шығып сөйлеген Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері мәселен, жаңа оқу жылында яғни, 1 қыркүйекте мектептерге барып, достық пен толеранттылықты алғашқы сабақтың тақырыбы ретінде алуды, Ұлы Ұстаз Ы. Алтынсаринның туғанына 165 жыл толуына байланысты педагогтың өміріне байланысты елді мекендерді туристік маршрут бойынша аралап өтуді сол секілді өңірімізде өз шығармаларында, өлең-жырларында достықты, ынтымақты, бірлікті жырлап, сүйіспеншілікке, толеранттылыққа үндейтін балалар акын-жазушыларымыздың байқауын өткізсе деген пікірлерін айтты. Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігінің өкілі Д.Гусак бір кездегідей әр саланың үздік жұмысшыларын, қызметкерлерін төсбелгімен марапаттап, олардың мәртебесін көтерсек деген ой-пікір айтса, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Үкин облысымыздағы еңбек қайраткерлері туралы кітап шығару қажеттігін жеткізді.

Сессияда облысымызда тұрып жатқан этнос өкілдерінің мәдениетін, тұрмысын таныстырып, көрсететін



этноауыл салу үшін, оның құрылысы мен жобалық-сметалық құжаттары үшін жергілікті бюджеттен қаражат бөлінсе деген ұсыныс та айтылды.

Жиын барысында сөз сөйлеген ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты З.Саяпова жиналғандарға, облыс басшысына ұлтаралық, этносаралық ынтымақтастықты, келісімді нығайту жолдарында атқарған жұмыстары үшін өзінің ризашылығын білдірді. Осындай елеулі еңбегі үшін облыс басшысына арнайы сыйлық та тапсырды. Ал, сессия соңында Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігінің кадрлар бөлімінің бастығы Д. Гусак Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалімен және облысымыздың бір топ азаматтары қоғамдық келісім және қазақстандық патриотизмді, Қазақстан халқының бірлігі пен ынтымағын нығайтуға қосқан үлестері үшін мерекелік «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» медалімен, Құрмет грамотасымен, Алғыс хаттарымен сол секілді облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

**СУРЕТТЕ: сессиядан көрініс. Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.**

## Дін басылармен кездесті

**Қымбат  
ДОСЖАНОВА**

Қостанай облысының әкімі Нұралы Садуақасов Астаналық және Қазақстандық митрополит Александрмен кездесті. Іс-шарада өңірдегі діни ахуал туралы сөз болды.

Өңір басшысы облыс аумағындағы діни ахуалды тұрақты деп бағалады. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында елдегі дәстүрлі діндер дұрыс бағытпен жұмыс істеуде.

— Біздің ортақ Отанымыз түрлі этнос пен конфессияларды бір шаңырақ астына біріктіріп отыр. Азаматтардың діни сенімдері мен көзқарастарына түсіністікпен, құрметпен қарау Қазақстанның ішкі саясатының негізі, — деді облыс әкімі Н.Садуақасов.

Кездесуде Қостанайлық және Рудныйлық епархияның меншігіне жеке жер учаскесін беру мәселесі де сөз болды. Рудный қаласындағы Богояв-



ленск Храмы үшін қосымша жер учаскесін бөлгені үшін Митрополит Александр облыс әкіміне алғыс айтты.

**СУРЕТТЕ:** облыс әкімінің Астаналық және Қазақстандық митрополит Александрмен кездесуі.

## Үздік мемлекеттік қызметшілер анықталды

**Қасқырбай  
ҚОЙШЫМАНОВ**

Былырдан бастап еліміздің мерекелік күнтізбесіне жаңа кәсіби мереке — Мемлекеттік қызметшілер күні енгізілген еді. Осыған орай қаламыздағы орыс драма театрында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қостанай облысы бойынша департаментінің мұрындық болуымен "Үздік мемлекеттік қызметші — 2015" сайысы өткізілді. Тоғызыншы мәрте ұйымдастырылып келе жатқан шараға облысымыздың әр ауданынан отыз алты өтінім келіп түсіпті. Қазылар алқасы озып шыққан он төрт қызметкердің жұмысын финалдық кезеңге іріктеп алды.

Сайыстың "Визитка" деп аталатын кіріспе бөлімінде қатысушылар өздерін таныстырды. Бірі бейнеролик көрсетсе, екіншісі жырдан шашу шашты. Ал қамыстылық Ерлан Қылышбаев өзі жайлы үш тілде баяндап берді. Арқалықтан келген Алмагүл Жұмабаева өзінің кішкентай қызын сахнаға алып шығып, латын-американдық биі арқылы көпшіліктің қошеметіне ие болды.

Әрбір қызметкердің ойын ашық айта алатын, креативті болуы — басты талап. Осы байқаудың екінші кезеңінде жас мамандар бір-бірімен пікірталасқа түсті. Олар жұп-жұпқа бөлініп әр түрлі тақырыпта ой бөлісті. Мәселен, Қарасу ауданының намысын арқалап келген Нағашыбай Капитан ғаламтор және әлеуметтік же-



лілердің адам өміріндегі маңызын тілге тиек етті. Аталмыш тақырыпта қарсы пікір айтқан қостанайлық Асқар Кетебаев әлеуметтік желілерді қатаң тексерістен өткізіп барып қана қолдану керек дейді. Сарыкөлден келген Денис Кравченко қазақстандық киноөндірістің әлі де даму жолында екенін, елімізде білікті режиссерлер мен шебер операторлардың жетіспейтінін айтты.

Занды білмеу мемлекеттік қызметкерлерге үлкен сын десек, сайыстың шешуші турында қатысушылар Ата Заңымыз және басқа да саяси құжаттар төңірегінде қойылған сұрақтарға жауап берді.

Әділқазылардың шешімі шықанша жиылған жұрт ұлттық және акробатикалық жанрдағы билерді тамашалады. Сондай-ақ облысымызға танымал Дидар

Ибраева, Нұрахмет Махмұт сияқты талантты әншілер өнер көрсетті.

Жарыстың қорытындысында "Ең жас қызметкер" болып қостанайлық Дина Нұрлыбекқызы танылса, "Ең шығармашыл маман" номинациясында Нағашыбай Капитан жеңіске жетті. Үшінші орын облыстық ІІД аналитика бөлімінің бас маманы Жұлдызай Бекболатоваға, екінші орын Федоров ауданынан келген Қадыржан Жүнісовке бұйырды. Ал, бас жүлде Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы секторының инспекторы Эмилия Тәуенованың қанжығасына байланды. Барлық қатысушылар ұйымдастырушылардың атынан дипломдар мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

## Қажылыққа барушыларға вирус туралы ескертті

**Шұға  
ҚОҢҚАБАЙ**

Өткен жұма күні облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті өткізген семинарда өкілетті орган өкілдері Таяу Шығыс елдеріне демалушылар мен қажылық сапарға барушыларды неғұрлым сақ болуды ескертті. Онда ауру жұқтыру қаупі бар.

Сырқат атипті пневмония түрінде білінеді. Бүйрек ауруы мен ішек жұқпалы аурулары маалайды. Бірінші кезекте Сауд Арабиясынан сақтандырады: бұл елде өткен жылы ауру жұқтырған барлығы 497 жағдайдың 414-і тіркеліп отыр, 115 науқас көз жұмған. Туристтік елдерде, атап айтқанда, БАӘ мен Мысырда бірнеше жағдай тіркелген.

Облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің бөлім басшысы Л.Налобина Сауд Арабиясының билігі денсаулығы әлсіреген, диабетпен, созылмалы тыныс жолдары, бүйрек және бауыр ауруларымен ауыратын адамдарға биылғы жылы қажылық жасаудан бас тарту жөнінде кеңес бергенін айтты.

Мамандар кеселдің алдын алуын ескерткенмен, өткен жылы алаңдатарлық ештеңе болмапты.

— Былтыр қажылық сапарға облысымыздан 36 адам барды. Өңірдегі тіркелген әрбір туристік фирманың медицина қызметкері қажылыққа баратын кісінің денсаулығын қадағалап барып, жібереді. Өткен жылы қажылыққа барған адамдардан ешқандай жұқпалы дерттің белгілері анықталған жоқ, — деді облыстық қажылар қауымдастығының төрағасы Жақсылық Ғайсин.

## Тобыл Торғай Тынысы



### Жәрмеңке – жұмыс тауып береді

**Қостанай қ.** Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамтуға арналған бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеде көпшілікке 40 бос жұмыс орны ұсынылды. Соның ішінде вахтер, бухгалтер, заңгер, дәрігер, әлеуметтік жұмысшы, психолог сияқты мамандар ауадай қажет. Аталмыш іс-шара "Нұр Отан" партиясы ҚҚФ "Кедергісіз келешек" жобасы аясында ұйымдастырылды.

### Жылыжай кешені ашылады

**Лисаков.** Жоба былтыр қолға алынған болатын. Биыл аяқтау, іске қосу жоспарланып отыр. Құрылыс жұмыстары біршама ширап қалған. Алайда, әлі де қаржылық түйіншектерді тарқатып алу керек. Бүгінге дейін жауапты компания өз қалтасынан 70 млн. теңгедей шығындады. Қазір жаңа инвесторлар тарту және несие алу мәселелері пысықталып жатыр. Жылыжай кешеніне барлық инженерлік инфрақұрылым жүргізу ісіне 51,4 млн. теңге жұмсалған. Серіктестік өз қоржынынан әлі де 120 млн. теңге шығаруды жоспарлаған.

### Жастар мерекесі 5 күн тойланбақ

**Облыста.** Мерекелік шара маусымның 24-інде облысымыздың түкпір-түкпірінде "Ізгілік аптасы" акциясынан бастау алмақ. Сондай-ақ ауқымды веложарыс ұйымдастырылады. Келесі күні бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтеді. Оған қаладағы кәсіпорындар мен ұйымдар, сонымен қатар оқу орындарының қабылдау комиссиясы атсалысады. Әуесқой аула командаларының қатысуымен, мини-футболдан жастар турнирі ашылады.

### Сараптама нәтижесі нені көрсетті?

**Сарыкөл.** Жақында аудандық кәсіпкерлік бөлімі өңірдің азық-түлік дүкендеріндегі күнделікті тұтынатын тауарлардың бағасына сараптама жасаған болатын. Нәтижесінде, қызылша мен сәбіз секілді көкөністердің жоғары бағамен сатылып жатқанын анықтады. Яғни, алдыңғысының бағасы — 11%, ал соңғысы — 13%-ға дейін өскен. Есесіне, екі айдың көлемінде сүт өнімдерінен жасалған азықтардың, ұн, қант, макарон өнімдерінің бағасы еш өзгермеген, тұрақты.

### Ауылда намазхана ашылды

**Қостанай ауд.** Семенов елді мекенінде ауылдықтардың күшімен намазхана ашылды. Бұл бастаманың басы-қасында Семенов орта мектебінде 38 жыл ұстаздық еткен Кәмшат Керімбаева болыпты. Ауыл ортасында көптен жабулы тұрған клубты рухани игілікке жарату осы кісіні толғантқан ой болса керек. Қаңыраған ғимаратты намазханаға айналдыру туралы ұсынысты жергілікті "Жасай" ЖШС қолдағанын айта кеткен жөн.

### Үздіктер анықталды

**Қостанай қ.** "ТЖД Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" Мемлекеттік мекемесінің өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің арасында өрт құтқару спорты жарысы өтті. Мақсат — ҚР жазғы ашық Чемпионатына өрт-құтқару спортынан үздік шыққан спортшыларды таңдап, Қостанай облысы құрама командасын жасақтау. Қатысушылар кедергілер арқылы 100-метрлік жолақты кесіп өту, жауынгерлік қанат жаю және оқу жаттығу мұнарасының 4-ші қабатына шабуыл сатысымен көтерілу бойынша күш сынасты.

### Аптап ыстық сақталады

**Облыста.** Еліміздің басым аумағында аптап ыстық сақталады, — деп хабарлайды "Қазгидромет" орталығы. Синоптиктердің мәліметінше, Қазақстанның бірқатар облысында ауа температурасы көпжылғы нормадан 5-10 градусқа жоғары болады. Мұндай ауа райы жоғары барийлі жотамен Таяу Шығыстан келетін ыстық ауамен байланысты болады. Синоптиктер республиканың кей облыстарында сынап бағанасы 40 градусқа дейін көтеріледі, — деп ескертеді. Тек айдың соңына қарай аздап күн салқындауы мүмкін.



## ● БОЛАШАҚҚА 100 ҚАДАМ



Тілеген МАТКЕНОВ,  
Облыстық ІІД бастығы, полиция генерал-майоры:

## "Жұртшылықпен байланысты нығайта түспекпіз"

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қалыптасқан жағдайларға байланысты жаңа міндеттер жүктеп, бес институтционалдық реформа ұсынғаны белгілі. Жұртшылық оны жүзеге асырудың 100 нақты қадамының аспектілерін белсенділікпен талқылауда. Қоғамдық қайраткерлер, саясаткерлер, шетелдік қауымдастық бұл жоспарлық құжатқа өз бағасын беруде. Облыстық ішкі істер департаментінің полиция қызметкерлері құжатта көрсетілген бағыттарды іске асыру мақсатында шаралар қарастыруда. Істелген жұмыс аз емес, енді полиция қоғамның өзіне деген сенімін арттыратындай етіп жұмыс істеуі керек.**

**Облыстық ІІД бастығы, полиция генерал-майоры Тілеген Маткенов біздің тілшімізбен сұхбатында ішкі істер органдарының қоғамдағы әлеуметтік ролін өзгертуге бағытталған жұмыстың қорытындылары туралы айтып берді.**

– Полиция өз міндетін атқаруда. Дегенмен жұртшылықтың полиция жұмысына айтар наразылығы жетерлік. Жағдайды қалай өзгертуге болады деп ойлайсыз?

– Полицияның қоғаммен бірге өзгеретіні сөзсіз. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, полиция мен жұртшылықтың өзара әрекеттестігі күрделі де қарама-қайшылыққа толы үрдіс. Алайда, болып жатқан өзгерістер жағдайында бұл қазіргі заманғы қылмыстылыққа тиімділікпен қарсы тұруға мүмкіндік беретін бірден-бір тетік.

Бүгінде полицияда жұртшылықпен ықпалдастықтың қалыптасқан тәжірибесі бар. Оның үстіне заманауи заңнама бұл мәселеге қатысты өртүрлі нұсқаларды ұсынады. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы, бүгінде тұрғындар көпті дүрліктірген қылмыстарды ашуға белсенділікпен қатысады. Біз із-түссіз жоғалғандарды іздестіруде, жол-көлік оқиғасы куәларын, сондай-ақ тәртіп сақшыларының заң талаптарын орындау мәселесін анықтағанда көптің көмегіне жүгінеміз. Қоғамдық тәртіпті қорғауға атсалысып жүрген азаматтардың қатысуымен жыл басынан бері 28 қылмыс ашылып, 625 құқық бұзушы ұсталды. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен жоғары. Полицияға көмек көрсеткен 53 азаматқа бір миллион теңге мөлшерінде сыйақы төледік. Ал, жұртшылықтың полиция жұмысына көзқарасына келер болсақ, ол қатардағы қызметкердің өзін қалай ұстауына тікелей байланысты. Қоғам біздің жұмысты бағалауы тиіс, осы тұрғыдан алғанда қоғамдық кеңес – бұл өзгеше бір сапа өлшеуіші деуге болады.

– Қылмыстардың ашылуы мен тергелуі де сапа өлшемі бола алады ғой...

– Шындығында, біздің жұмысымыздың сапасы мен көпшілік пікірі қылмыстардың дұрыс тексерілуі мен тез ашылуына тікелей байла-

нысты. Мысалы, жыл басынан бері тергеу бөлімшелерінің өндірісінде 29 мың қылмыстық іс болды. Бұл өткен жылғыдан екі есе көп. Кешелер мен қоғамдық орындардағы жағдай біршама жақсарды. Аса ауыр қылмыстар азырақ тіркелуде. Бұрын жасалған қылмыстар көбірек ашылуда.

Техникалық жарақтандыру және алдын алу жұмысы жақсара түсті, тиісінше жол-көлік оқиғаларының саны 21 пайызға азайды, оларда жарақаттанғандар саны 30,2 пайызға кеміді. Жақын уақытта "Қылмыстық құқық бұзушылықтар картасы" интернет-порталы құрылады, онда елде жасалған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар, жасалғаннан кейін бір аптадан кешіктірмей, тіркелетін болады. Елбасы атап өткеніндей, бұл ішкі істер органдары жұмысының тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді.

– Полицияны реформалаудың қазіргі міндеттері қызметкерлердің сапалық құрамына да қатысты. Бүгінде полицияға қызметке жоғары заңгерлік білімі бар адамдар, жеке-леген қызметтерге арнаулы орта білімі барлар ғана қабылданады...

– Полиция қызметкерлеріне талаптың күшейтіле түскені рас. Мысалы, соңғы конкурстық комиссияның қорытындыларын алсақ, бос лауазымдарға орналасуға конкурсқа біліктілік талаптары бойынша сәйкес келетін 500-ден астам үміткер қатысты. Іріктеу нәтижесінде тек 128 адам қызметке қабылданды.

Мемлекет басшысы үміткерлер мен қатардағы қызметкерлердің жеке басының қасиеттері мен кәсіби дағдыларын тексеру үшін кәсіби және психологиялық іріктеудің арнау-

лы жүйесін енгізуді міндеттеп, полицейлердің біліктіліктерін тұрақты түрде арттырып және растап отыруын қамтамасыз ету маңызды екендігін атап өтті.

Қазірдің өзінде Қостанай облысының ішкі істер департаментінде қызметке жаңадан қабылданатын үміткерлермен қатар аттестат-

таудан өтетін полиция қызметкерлері полиграфологиялық зерттеуден өтеді, оның негізгі мақсаты қызметке орналасудағы теріс пиғылды, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты анықтау болып табылады. Бұл зерттеудің қорытындылары қызметке кіргенде ескеріледі. Сондай-ақ кандидаттар ҚР заңдарын қалай білетіндіктерін көрсету үшін тестілеуден өтеді.

Заңдылық және тәртіп мәселесіне көп көңіл бөлінеді. ОІД өзіндік қауіпсіздік басқармасы полицейлер тарапынан заңдылықты бұзу фактілерінің жартысынан астамын өздері анықтайды. Тәртіп сақшыларына қатысты барлық сот процестері ашық өтеді. Полиция қызметін бақылау жөніндегі Қоғамдық кеңес өкілдері де осы істерге атсалысуда. Бұл институт полицияда 2008 жылдан бері тиімді жұмыс істеуде. Кеңес ішкі істер органдары қызметінің барлық саласын дерлік назарда ұстайды. Қоғамдық кеңестің өкілдіктерін заң жүзінде бекіту оның жұмысын сапалық жаңа деңгейге көтерер еді.

– Генерал мырза, Кеңестің негізгі міндеті азаматтардың этикалық нормаларды бұзған полицейлердің іс-әрекетіне шағымдарын қарау ғой...

– Кеңес мүшелері тек шағымдарды қарап қоймай, ішкі істер органдарына үміткерлерді конкурстық іріктеуге қатысады. Конкурстық комиссияның бірде бір отырысы жұртшылық-

тың қатысуынсыз өтпейді. Бұған қоса олар құқық түсіндіру және тәрбие жұмысын да жүргізеді. Бұл жұмыс өз нәтижесін беруде. Мысалы, қызметкерлердің жемқорлық құқық бұзушылық жасау жағдайлары шамамен 70 пайызға азайды. Өткен жылмен салыстырғанда теріс себептермен жұмыстан шығарылған полиция қызметкерлерінің саны азайды. Өз еркімен жұмыстан шығатындар да азайып келеді. Жағдай тұрақталып келеді.

Президент талап еткеніндей, құқық қорғау органдарының мөлдірлігін, ақпараттық технологияларды дамыту, патрульдік қызметті бейнетіркеушілермен жабдықтау бойынша шаралар дестесін қалыптастыру керек.

– Елбасымыз полицияның мәртебесі мен оның азаматтар алдындағы жауапкершілігін арттыру қажеттігін атап өткен болатын. Ішкі істер органдарының әлеуметтік ролін өзгерту үшін қоғамдық стереотиптерді де өзгерту қажет емес пе?

– Иә, әңгіме "нөлдік төзімділік" турасында. Бұл принциптің қолданысы азаматтардың өзіне байланысты. Қауіпсіз аймақта өмір сүргіңіз келе ме? Олай болса, полициямен бірге сіз өзіңіз де өзгеруіңіз керек. Қылмыс туралы уақытында хабарлау – ішкі істер органдары қабылдаған шаралардың тиімділігінің көпірі. Ол хабарды басқа біреу берер деп қарап отырмау керек, одан да көп хабар түсе берсін. Есесіне сіз қоғамды қылмыстық қол сұғудан және құқық бұзушылықтан қорғау ісіне өз үлесіңізді қосқаныңызға сенімді бола аласыз.

Бүгінде біздер жасөспірімдерді спортпен айналысуға тартудамыз. Біздің қамқорлығымыздағы облыстық балалар үйінің қыздарынан балалар-жасөспірімдер волейбол командасы құрылды. Балалар үшін "Динамо" дене шынықтыру-спорт қоғамында күрес, волейбол және баскетболдан үш ақылы спорт секциясы құрылды. Жұртшылықпен байланысты нығайта түспекпіз.

## ● ТӘРТІПТІК КЕҢЕСТЕ

## Жоспарлы тексеру қорытындысы қаралды

Гүлназым  
САҒИТОВА

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаментінің кезекті өткен Тәртіптік кеңесінің отырысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағартушылық жұмыстары, "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қоғамдық мониторинг бойынша өткізген тексерулерінің нәтижесі, Жанкелдин ауданы жергілікті атқару органдары қызметіндегі мемлекеттік қызмет, сыбайластыққа қарсы туралы, мемлекеттік қызметшінің ар-намыс Кодексі, сол секілді мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заңнамаларды сақтау мәселесі бойынша жоспарлы тексеру қорытындылары жан-жақты қаралды. Тексеру нәтижесі бойынша Тәртіптік кеңес алдында Жанкелдин ауданының әкімі Асқарбек Кенжеғарин есеп берді. Ол өз сөзінде жергілікті мемқызметшілер атына Тәртіптік кеңес тарапынан берілген барлық ескертулер мұқият тексерілді және де тиісінше шаралар қолданылатынын айтты.

## Мас күйінде...

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаментінің кезекті өткен Тәртіптік кеңесінде мемлекеттік органдары жетекшілеріне қатысты үш іс қаралды.

Полиция қызметкерлері Федоров аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің жетекшісі Алексей Байназаровты ағымдағы жылдың сәуір айында қызметтік автокөлікті мас күйінде жүргізгені үшін ұстаған-ды. Тәртіптік кеңес Алексей Байназаровтың іс-әрекеті мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексі нормалары мен шектеулерін бұзды деп қарастырды. Бөлім жетекшісінің жауабын тыңдап, Тәртіптік кеңес қызметтік талапқа толықтай сай емес деген ескертумен тәртіптік жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыным шығару туралы шешім шығарды.

Міне, осындай ескертумен тәртіптік жауапкершілікке тарту жөніндегі ұсыным туралы шешімді Тәртіптік кеңес Қарабалық ауданы кәсіпкерлік бөлімінің жетекшісі Төлеген Дәулетовке де шығарды. Ол да мас күйінде көлік айдап, жол қозғалысын

бұзып, жол-көлік оқиғасына ұшырады. Газ тіреуіне соғылды. Нәтижесінде жол төсемі шетіндегі 8 метр жерде орналасқан төмен қысымдағы газ құбырын соқты.

Ал, үшіншісі, Әуликөл ауданы Новонежин селолық округінің әкімі Асылхан Журсалин өзіне уақытша жер пайдалану құқығын беруге байланысты өтініш білдірген кәсіпкермен әдептіліктен аттап өтіп, дөрекі түрде сөйлескен. Осындай дөрекі мінезі үшін Тәртіптік кеңес шенеунікке қатаң сөгіс беру туралы ұсыным шығарды.

Тәртіптік кеңестің төрағасы Берген Бесплиновтың айтуынша, өкіметке деген сенім мемлекеттік қызметшіден басталады. Ол халық пен өкімет арасындағы делдал болуға тиіс. Мемлекеттік қызметшінің негізгі міндеттердің бірі – қызметтік этика нормаларын сақтау. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші қарапайым іскерлік әдептілік ережесін және моральдық-әдептілік талапты, соның ішінде жұмыстан тыс уақыттарда заңнамада бекітілген шектеулерді сақтауы керек.

## ● ТКШ-НЫ ЖАҢҒЫРТУ

# Өміршен БАСТАМА



**Бірәлі МЫРЗАБЕКОВ,**  
"ТКШ ҚазОрталығы" АҚ  
Қостанай филиалының  
директоры

## "Нұрлы жол" – инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасы

Соңғы жылдары жылу, су жүйесін жаңғырту салалық бағдарламалар аясында облыстық және Астана мен Алматы қалалары әкімдіктерінің бағдарлы трансферттері арқылы жүзеге асырылуда. Соңғы төрт жылда республикалық бюджет есебінен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған (2020 жылға дейін өңірлерді дамыту бағдарламасы) коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту бағдарламасына 54,3 млрд. теңге бағытталған. Нәтижесінде 2 655 шақырым инженерлік желі және сағатына 100 Гкал қуаттылығы бар 30 қазандық салынып, құрылысы қайта жүргізілді.

Алайда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғыртуға бөлінген қаражат жеткіліксіз болды. Қазіргі таңда елімізде жылумен қамту нысандары жоғары талаппен пайдалануға беріліп жатыр. Аталған желілердің 40% түгелімен тозығы жеткен. Бұдан жылуға орасан зор шығын келеді және апаттарға әкеп соқтырады. Республика бойынша орта есеппен жыл сайын 300 шақырым желі айырбасталып, бұл уақытта 750 шақырымға дейін жөндеу қажеттілігі туындап отыр. Сондай-ақ су құбыры жүйелерінің де 60% тозған күйде.

Үстіміздегі жылы 6 сәуірде ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен инфрақұрылымды дамытудың 2015-

2019 жылдарға арналған "Нұрлы Жол" мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Аталған бағдарлама Елбасының "Нұрлы Жол – жаңа экономикалық саясат" халыққа Жолдауының негізінде әзірленіп отыр. Және бұл республикадағы ТКШ жаңғыртуды жеделдетудің жолы болмақ.

"Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасы аясында үстіміздегі жылы 60 млрд., 2016 жылы 90 млрд., ал одан кейінгі жылдары жыл сайын 100 млрд. теңгеден бағытталып отыратын болады. Жылу, су жабдықтау және су бұру жұмыстары бюджеттік несиелеу және бюджеттік субсидиялау механизмдері бойынша жүргізілмек.

### Бюджеттік несиелеу

Бюджеттік несиелеу ұлттық қор қаражаты есебінен республикалық бюджет арқылы қаржыландырылады. Несиелерді жергілікті атқару органдары заемщиктерге жылдық сыйақысы 0,01% пайызбен 20 жылға береді. Негізгі берешекті төлеу мерзімі 6 жылдан аспауы керек. Бұдан әрі несиелер кейінгі заемщиктерге табиғи монополиялар субъектілер есебінде жылдық сыйақысы 0,02 пайызбен берілетін болады. "Қазақстанның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңарту және дамыту орталығы" АҚ бюджеттік несиелеу жөнінен сенімді өкіл ретінде жергілікті атқару органы



ұсынған әр инвестициялық жобалармен келісімдер жасайды. "Қазақстанның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңарту және дамыту орталығы" АҚ мен келісімге келген соң бюджеттік несиелеу тәртібі бойынша кейінгі заемщикке беріледі. Аталған механизмнің негізгі міндеті өңірлерге бөлінген қайтарымсыз трансферттерді тоқтату болып табылады. 2016 жылдан бастап несиені қайтару бойынша жаңа жобаларды қаржыландыру жоспарланған.

### Субсидиялар

#### (Инфрақұрылымдық гранттар)

Жылу, су жабдықтау және су бұруды жаңғырту, қайта қалпына келтіру құрылыс жұмыстарын жеделдету үшін заемдық қаржы, соның ішінде халық-



аралық қаржы орталықтары есебінен инфрақұрылымдық гранттар немесе республикалық бюджеттен субсидиялау қарастырылған. Халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын тартумен айналысатын табиғи монополиялар субъектілері инфрақұрылымдық гранттарды ұтып алу барысында басым құқыққа ие болады. "ТКШ ҚазОрталығы" АҚ инфрақұрылымдық гранттарды ұсыну жөніндегі оператор бола отырып, ТКШ жобаларын әзірлеу мен қаражат кестесін құрудан бастап, жобаны жүзеге асырғанға дейінгі барлық жұмыстарды халықаралық қаржы ұйымдарымен бірге толық үйлестіруді жүзеге асырады.

Бюджет есебінен субсидия төлеу тәртібін нормативтік-құқықтық актілерге өзгертулер

мен толықтырулар енгізілгеннен кейін ҚР Қаржы министрлігінің келісімімен ҚР Ұлттық экономика министрлігі жүзеге асыратын болады.

## Өңірлердегі "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың алғашқы қадамдары

Қазір мемлекет тарапынан тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылық саласына ерекше назар аударылып отыр. Елімізде коммуналдық инфрақұрылым барынша тозған. Республика бойынша жылу жүйесінің шамамен 63% тозығы жеткен. Соның 40% немесе 9,6 мың шақырымының түгелдей тозығы жеткен. Жыл сайын жылу қуатының шығыны шамамен 10,7 млн. Гкал құрайды.

Республиканың жылумен қамту жүйелеріндегі апаттар айтарлықтай жоғары (100 шақырымда шамамен 200 технологиялық ақаулар болып тұрады) және жылудың шығыны да орасан (40% жуық).

Жылу энергиясын шығару көздерінің басым бөлігі жарамсыз, олардың көбін қазандықтар, су құбырлары мен канализациялық жүйелер құрап отыр. Өңірлердегі су құбырының жүйесі күрделі жөндеуді немесе толық жаңартуды талап етеді.

Қазақстан Республикасының орталықтандырылған ауыз су жүйесі сумен қамту және су бұру жүйелері 90-95% болатын дамыған елдердің деңгейінен анағұрлым төмен.

2014 жылдың 1 қаңтарындағы дерекке сәйкес, қалалардың орталық су жүйесімен қамтылуы – 85%, ауылды жерлерде – 47,7%. Қалалардың орталық су бұруға қолжетімділігі – 78%, ауылдарда – 10%.

Су жүйесі құбырларының жалпы ұзындығы 60,9 мың шақырымды құраса, оның 13,4 мыңы ауыстыруды қажет етеді. Канализациялық жүйелердің ұзындығы 15 мың шақырым, ал ауыстыруды қажет ететіні – 5,3 мың шақырым.

Соңғы жартыжылдықта "Нұрлы Жол" мемлекеттік бағдарламасына жобаларды қабылдау талаптары жүргізілді.

Аталған талаптарға сәйкес қарыз алушылардың несиелеу қабілеттілігі және қайтарымдылығымен қатар, жобалардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі, бірыңғай техникалық саясатқа көшу басымдылығы, заманауи технологияны, материалдар мен құралдарды пайдалануы, энергиялық тиімділік пен энергиялық үнемділік жөнінде шаралар жүргізе алу қабілеттіліктері талап етіледі. Сонымен қатар өндірісті

тұрақтандырып, өнеркәсіп өнімдері нарығын дамыта алатын, еңбекпен қамтитын, халық санының өсуіне үлесін қосатын отандық тауар өндірушілерді тарту маңызы зор рөлге ие.

**СУРЕТТЕР-  
ДЕ:** Қостанай-  
дағы жөндеу-  
ден өткен  
ғимараттар.





## ● ЭКСПО – 2017

# Дүниежүзі Қазақстанға көз тікті

## 2. Көрмеге дайындық қарқынды жүруде

Елімізде ЭКСПО – 2017 көрмесіне дайындық былтырғы жылы аса қарқынды басталып, биылғы жыл жалғасын табуда. Еліміздің болашақтағы бет-бейнесін анықтайтын бұл шараның алар орны ерекше. Міне сондықтан да Елбасының тікелей бақылауында тұрған бұл көрменің құрылысында ешбір кідіріс жоқ. Көрмеге деген жан-жақты әзірлік тек құрылыспен ғана шектелмей, өміріміздің сан-салалы тіршілігін қамтуда.

ЭКСПО-ға дайындық 2016 жылы толығымен аяқталады



– ЭКСПО-ға дайындық 2016 жылы толығымен аяқталады. Бұл туралы сәуір айының 16-сы күні Қазақстан-Түркия бизнес форумында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтты.

Астанада 2017 жылы «Болашақтың энергиясы» тақырыбымен мамандандырылған халықаралық ЭКСПО көрмесі өтетіндігін атап өткен Мемлекет басшысы: «Қолдарыңыз тисе, көріңіздер. Бәрін салып жатырмыз. 2016 жылы бәрі дайын болады. Бұл жерде дүниеде бар барлық озық тәжірибені, жана энергияны қалай алу керектігін көрсететін зертхана жасаймыз», – деді.

«Түрік тарабы ең тәуір павильондардың бірін жасақтап, көрмені өткізуге белсене қатысады деп үміттенемін», – деп қосты Мемлекет басшысы.

### Р. Эрдоган Түркияның «ЭКСПО – 2017» қатысатынын растады



Реджеп Тайип Эрдоган Түркияның Астана қаласында өтетін «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесіне қатысатынын растады.

«Түркия 2017 жылы Қазақстанда өтетін «ЭКСПО» халықаралық көрмесіне қатысуға ниет білдіреді. 2017 жылғы «ЭКСПО» Қазақстанның игілігіне айналады деп ойлаймын», – деп атап өтті Ақордада өткен екі елдің арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің екінші отырысының қорытындысы бойынша Түркия Республикасының Президенті.

Өз кезегінде, Түркия Президенті Қазақстанды Анталияда өтетін ЭКСПО – 2016 қатысуға шақырды.

### Неміс құрылыс компаниясы ЭКСПО – 2017 қолдауға дайын

Қазақстанға инвестициялар салумен айналысатын, сондай-ақ әлемдегі ең ірі құрылыс материалдарын өндірушілердің бірі болып та-

былатын «КНАУФ» халықаралық компаниясы «ЭКСПО – 2017» көрмесін өткізуге қолдау көрсетуге дайын. Бұл туралы «ЭКСПО – 2017 – заманауи құрылысқа бағдар» атты халықаралық конференция барысында ТМД-ғы КНАУФ тобының басқарушысы Янис Краулис мәлімдеді, – деп хабарлайды BNews.kz. тілшісі.

Сөйтіп, компанияның интернационалдық өкілдері КНАУФ-тың халықаралық әзірлемелері, инновациялық технологиялар саласындағы жетістіктері туралы әңгімелеп береді және көрсетеді, құрылыс жүйелері мен материалдарының артықшылықтарымен бөліседі, сондай-ақ кеңес беру іс-шараларымен көмектеседі.

«ЭКСПО-ға дайындық – бұл құрылыс жұмыстарының ауқымды көлемі, біріншіден, бұл инфрақұрылымдық нысандар, – дейді Янис Краулис. – ЭКСПО әлемге қазіргі құрылыс технологияларын, инновациялық құрылыс материалдарын көрсетуге мүмкіндік береді, көрмеге қатысушылардың әрқайсысы өздерінің технологиялық жетістіктерін көрсетуге тырысады».

### ЭКСПО-ның алты пайдасы

Біріншіден, ЭКСПО кезінде әлемнің түкпір-түкпірінен келген ең жана, заманауи технологиялар көрмеге қойылып қана қоймай, олардың жұмыс істеу принциптері көрсетіледі. Сол арқылы біз жаңа технологияларды көріп, әлемдегі озық технологиялар мен техниканың қай бағытта, қалай дамып бара жатқанына куә боламыз, өз еліміз бен дамыған елдердің арасындағы технологиялық прогрестің айырмашылығын біліп, өз-өзімізді бағамдаймыз.

Екіншіден, ЭКСПО барысында Қазақстан тарапынан және шетел тарапынан зерттеу орталықтары, сондай-ақ шетел тарапынан салынатын жаңа жобалар көрме аяқталғаннан кейін де Қазақстанның керегіне жарап, ары қарай қызмет етеді.

Үшіншіден, шараны ұйымдастыру барысында көптеген жаңа ұйымдастыру, басқару, үйлестіру әдістерін үйреніп қана қоймай, 3 айлық науқан барысында Қазақстан қызмет көрсету саласын сынынан өткізіп, тәжірибе жинақтап алуға, сол арқылы тәжірибені жетілдіруге мүмкіндік туады.

Төртіншіден, бұл шараға тіпті 5 миллион адам келмесе де, көрме өтетін Астана қаласының тұрғындары мен әдеттегі қонақтарынан әлденеше есе артық адам келетіні анық. Бұл сол қысқа мерзімде еліміздегі жеке кәсіп саласына, қонақ үй, тамақтану сияқты қызмет көрсету салаларындағы кәсіпкерлерге пайда әкеледі.

Бесіншіден, көрмеге келетін қонақтар тек Астана қаласымен шектелмей, Алматы, Бұрабай қатарлы көрікті жерлерге ат басын бұрары сөзсіз. Кейін Қазақстанның жарнамасын жасайды, бұл туризм саласы үшін маңызды рөл атқарады.

Алтыншыдан, шара 3 ай бойы өтетіндіктен, шетелден келген қонақтарға жол бастау, аудармашы болу сияқты міндетті атқаратын шет тілін білетін және үйреніп жүрген жастарға үлкен тәжірибе.

Оның айтуынша, КНАУФ Қазақстанның дайындықты сәтті жүргізетініне және өз әзірлемелерін ұсынатынына сеніммен қарайды.

«Бұл мемлекет аталмыш көрмені өткізу құқығына тек өзінің үздік ұсынысымен ғана емес, ал әлемге өзінің ерекше даму жетістіктерін көрсете алуымен қол жеткізді», – деп толықтырды ТМД-ғы КНАУФ тобының басқарушысы.

Бұл орайда КНАУФ компаниясының 2001 жылдан бері Алматы облысының Қапшағай қаласындағы зауытқа, сондай-ақ Жамбыл облысындағы «ГипсТараз» кәсіпорнына инвестициялар салып, жаңғырту және т.б. жобаларын жүзеге асырғанын айта кеткен жөн.

КНАУФ-тың Қазақстанға салған инвестицияларының жалпы көлемі – 72 млн. еуродан артық.

### Astana EXPO – 2017 кешенінің құрылысы басталды



Былырғы жылы осынау алып та әсем көрме кешенінің құрылысының тұсауын Елбасының өзі кесті. Оның құрылысының басталу салтанатында Нұрсұлтан Әбішұлы оның тарихи маңыздылығын ерекше атап өтті.



### EXPO-2017 нысандарына өнім жеткізуге келісті

Астанада «КазСтройстекло» ЖШС EXPO – 2017 нысандары құрылысына шыны өнімдерін жеткізуге орай алғашқы келісім-шартқа қол қойды.

Ол әкімшілік ғимарат ретінде пайдаланылады. Оған «Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясы, баспасөз орталығы мен басқа да қызметтер орналастырылады.

Мемлекет басшысының қатысуымен өткен «Қазақстанның жаңа индустриализациясы: 2014 жылдың және алғашқы бесжылдықтың нәтижелері» атты жалпы ұлттық телекөпір барысында тікелей эфирде кәсіпорынның бас директоры индустрияландыру бағдарламасына зауыттың қатысу нәтижелерін баяндаған болатын. Ол мемлекеттік қолдаудың және компанияның инновациялық грантының арқасында өндірісін заманауи жабдықтармен жарақтағанына тоқталып өтті.

«КазСтройстекло» ЖШС Орталық Азияда алғаш рет сандық мөрмен қасбет өндірісін игерді. Оның бірегейлігі ғимараттың сәулетін түбегейлі өзгерте түсті.

2014 жылы кәсіпорын екінші «Астана – жаңа қала» зауытын іске қосты. Жоба көрменің сұранысын толықтай жаба алады. Энергия үнемдейтін шыны елдің солтүстік өңірлері мен Астанада қыс кездері жылуды сақтап, суықты өткізбейтін беріктігімен ерекшеленеді. Бұл энергия үнемдеуге қатысты мемлекеттік саясатқа толықтай жауап береді.

### Аймақтық тауар өндірушілер:

ЭКСПО – 2017 құрылысына қатысу – біз үшін үлкен мәртебе және ерекше сенім



2017 жылы Астана қаласында ЭКСПО халықаралық көрмесін өткізу шын мәнінде Ұлттық жобаға айналады. Көрменің құрылысы мен дайындығына көптеген отандық кәсіпорындар атсалысады. Бұл – жаңа тапсырыстар мен жұмыс орындары.

Астана мен жақын өңірлерден ондаған бизнесмендер ғасыр құрылысына қатысуға асығады. Көрме кешенін салуда қазақстандықтардың қатысу үлесін арттыру туралы ҚР Президентінің тапсырмасын басшылыққа ала отырып, «Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясының менеджменті үнемі сырт аймақтарға шыға отырып, осындай халықаралық іс-шараның құрылысы мен дайындығына бизнес-қоғамдастықтарды тартады. Отандық





өндірушілермен жасасқан меморандумдардың жалпы сомасы 59,6 млрд. теңгені құрады. Бұнымен әлі шектеліп қоймайды.

Отандық шағын және орта бизнес қазіргі кездегі экономикалық жағдайларда ЭКСПО нысандарын салушылардан тапсырыстар ала отырып, жеке өндірісінен айтарлықтай қолдау алады, өндіріс көлемін арттырады, еңбекақыны жоғарылатады, жаңа жұмыс орындарын құрады, салықтар төлейді және өзінің сапасын жетілдіреді.

ЭКСПО алаңындағы құрылысшылар отандық жұмыс киімдерімен қамтамасыз етіледі. Аталған киімдерді, сондай-ақ ғасыр құрылысының қажеттіліктеріне арналған басқа да текстильді өнімдерді қарағандылық «Smartex.kz» ЖШС ұсынады.

Барлығы «СК Базис» ЖШС, «BI Group» холдингі, «Сембол контракт» АҚ бас мердігерлік мекемелерімен қазан айында Қарағанды облысының компанияларымен мөлшері 2,5 млрд. теңге көлеміндегі серіктестік туралы жеті меморандумға қол қойылды. Аймақ басшыларымен ұсынылған компаниялардың бірі – «Venteco» ЖШС. Кәсіпорын инженерлік жылыту желілері, желдету және ауа тазарту секілді құрылыс-монтаждық жұмыстарын жүзеге асырады. Қазақстандық, ресейлік және кейбір Еуропа жеткізушілерінің құрылғылары мен жүйелерін жобалаудан бастап орнатуға дейінгі жұмыстарды жүргізеді, сонымен қатар техникалық және кепілдемелік қызметтер көрсетеді.

– «ЭКСПО – 2017 құрылысына қатысу біз үшін үлкен мәртебе, сенім. Себебі, бәсекелестікке қарамастан, облыстан бізді осындай халықаралық жобаға қатысуға шақырды, – дейді «Гартекс» ЖШС директоры Е.Сидоров. – Біз екі жыл бұрын германиялық құрылғыларды сатып алу үшін төменгі мөлшердегі несие алған кезде мемлекет тарапынан қолдаудың бар екенін сезіндік. Сол құрылғының арқасында қуаттылықты арттырдық және кәсіпкерлік деңгейіміз де өсті. Осының бәріне Мемлекет Басшысына борыштымыз, себебі оның тапсырмаларымен ғана Қазақстан әлемдік деңгейдегі ірі іс-шараларға қатысады».

Тағы бір келешегі бар қарағандылық компания, 2004 жылы құрылған «Гартекс» ЖШС, Астанадағы ЭКСПО-ны өрт сөндіру жүйелері, өрт сөндіру, күзет дабылдары, бейне бақылау және басқа да ілеспелі қызметтер көрсету сынды маңызды құрамдас бөліктермен қамтамасыз етеді.

– Біз барлық жұмыс барысына: толық бақылауды қамтамасыз етіп, қызметтердің сенімділігін кепілдендіре отыра, жобалар мен олардың техникалық негіздемесінің сараптамасынан бастап пайдалануды енгізу және өртке қарсы, күзет жүйелерін іске қосуға дейінгі жұмыстарға жауап береміз, – дейді алдыңғы қатарлы технологиялар мен әдістемелерді игерген 50 қызметкері бар «Гартекс» ЖШС директоры Александр Буров.

Қазіргі құрылғылар мүмкіншілігі бар кәсіпорын есебінде күрделілігі жағынан әртүрлі дәрежедегі мыңнан астам нысандар, мәселен мұз айдыны, теннис орталығы, сауда үйлері, ауыр өнеркәсіп техникасымен қызмет көрсету орталығы, цемент зауыты. Биіктігі 33 метр болатын Астанадағы әуе кемесіне арналған ұшақжай, сондай-ақ «Гартекс» ЖШС-ның сөндіру жүйесімен жабдықталған.

## «ЭКСПО – 2017» отандық ғылымды өркендетеді

«Астана ЭКСПО – 2017» Ұлттық компания мен «Парасат» Ұлттық ғылыми-технологиялық холдинг арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандум осы мақсатты көздейді. Тараптар көрмені қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектерімен қамтамасыз ету жолында бірлесе жұмыс істеуді ұйғарды.

Қазақстандық ғалымдардың барлық жетістіктерін «Парасат» холдингі таңдап алып, олардың ең үздіктерін Қазақстанның

көрме павильонына қояды. Сонымен қатар ол қазіргі өндіріске енгізілген ұсыныстар павильон құрылысын салуда пайдаланылады.

Бір айта кетерлік жайт, «Астана ЭКСПО – 2017» көрмеге дайындыққа аймақтарды да тартпақ. Мәселен, «Астана ЭКСПО – 2017» Ұлттық компаниясы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігімен ынтымақтастық туралы меморандум жасасты. Тараптар «ЭКСПО – 2017» көрмесін ұйымдастыру мен өткізудің Ұлттық жоспарында көзделген шараларды жүзеге асыру жолындағы ынтымақтастықты дамытуға уағдаласты.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасарының айтуына қарағанда, облыстағы 49 машина жасау кәсіпорны өз өнімдерін жеткізіп беруге дайын. Мәселен, СҚО-да ғимаратты тез салатын зауыт жұмыс істейді, оның металл конструкциясы өнімдері кезінде «Астана Опера» театрын салуға пайдаланылған. Енді осы зауыт жоғары деңгейлі «ЭКСПО» жобасына белсенді түрде қатысуға дайын. Әкім орынбасарының айтуынша өңірдің басқа да кәсіпорындары көрме құрылысына бір кісідей атсалысуға, сөйтіп осынау аса маңызды іске өз үлестерін қосуға әзір отыр.

## Көрменің құрылысына қатысады

Аймақтағы құрылыс материалдарын, атап айтқанда, сым, цемент, тас мақталар, полиэтилен құбырларын өндірушілер ЭКСПО – 2017 көрме кешені құрылысына өз өнімдерін жеткізу туралы келісті.

Кәсіпорындарды «Астана ЭКСПО – 2017» Ұлттық компаниясының бас мердігерлері – «АБК Құрылыс-1» ЖШС, «Сембол Иншаат» АҚ, «СК Базис» ЖШС, «АДС компаниясы» ЖШС және «Mabco constructions s.a» құрылыс компаниялары таңдап алды.

ЭКСПО нысандарын салу кезінде тауарлары қолданылатын өндірушілердің тізіміне «Қазақсым» ЖШС (сым-тарту өнімдері), «Кемонт» ЖШС (жоғары және төмен вольтті электр жабдықтары), «Восток-Универсал» ЖШС (минералды такталар), «Өскемен полиэтилен құбырлары зауыты» ЖШС, «Қазақцемент» ЖШС, «Полиус» ЖШС (полиэтилен қабықшалар), «Корунд LTD» ЖШС (өрттен сақтау заттары), «Үлбі-фтор кешені» ЖШС (гипс), «Эгрей» ЖШС (керамзит секілді компаниялар кірді.

Бұл тізім Өскемен қаласында ұйымдастырылған кездесу кезінде жарияланды. Бас қосуға облыс әкімінің орынбасары Дмитрий Гаригов пен «Астана ЭКСПО – 2017» Ұлттық компаниясы басқарма төрағасының орынбасары Алмас Джаманбеков қатысты.

«Осындай әріптестік елдегі ірі де маңызды жобаны жүзеге асыруда шағын және орта бизнесті тартуға мүмкіндік беріп, ЭКСПО-қалашығын салу барысында қазақстандық өнімдерді қолдану үрдісін қамтып, аймақтардың дамуына үлес қосады», – деді А.Жаманбеков.

Аймақтардағы өндірушілермен кездесулер 2014 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. «Астана ЭКСПО – 2017» компаниясының бас мердігерлері Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары мен Астана қаласындағы өндірушілермен меморандумдарға қол қойды. Осы келісімдер аясында ЭКСПО нысандары құрылысында жалпы сомасы 56 млрд. теңгеге тең 85 отандық өндірушінің өнімін қолдану туралы келісім бар.



## ● «АҚБҰЛАҚ»

# «АҚБҰЛАҚ» ауыл жұртының алғысына бөленуде



2011-2020 жылдарға арналған халықты ауыз сумен қамтудың «Ақбұлақ» бағдарламасының тиімділігі жыл сайын артып келеді. Бұл бағдарламаны жасау барысында төмендегідей мәселелерге баса назар аударылғаны да белгілі. Атап айтсақ, сумен қамту нысандарын жаңадан салған және бұрынғыларын қайта жарақтандырған кезде жүйелі әдіс-тәсілдерді енгізу көзделген.

Елді мекендердегі сумен қамту жүйелерін пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз ететін көрсеткіштер белгіленген. Жаңа бағдарламаның тағы бір артықшылығы – су шаруашылығы секторының инвестициялық тартымдылығына және сумен қамту нысандарын қаржыландыруға жеке меншік капиталды монынан тарту ісіне мән берілген. «Ақбұлақ» бағдарламасы халықты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларының әлеуетін монынан пайдалануға айрықша назар аударылып, сумен қамту жүйелерін жобалаудың сапасын арттыру міндеттелген.

Мемлекет басшысы 2011 жылғы Жолдауында республика бойынша орташа алғанда ауыз суға қол жетімділік 2020 жылы 100 пайызға жуықтауы тиістігін атап көрсеткен болатын. Сондай-ақ, шалғайдағы ауылдарды, республикамыздың ауыз суға мұқтаж барлық елді мекендердің қажеттілігін өтеу үшін «Ақбұлақ – 2020» бағдарламасы қабылданды. Осы бағдарлама аясында Жанкелдин ауданында 2012-2014 жылдар аралығында ауқымды жұмыстар атқарылды. 2012-2014 жылдары «Ақбұлақ» бағдарламасын орындау барысында атқарылған жұмыстар нәтижесінде орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету жүйесіне 11 елді мекен қосылды. Ауыз су мәселесі қашан да өзекті тақырыптардың бірі. Халықты сапалы ауыз сумен қамту мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының біріне айналғандығы да ақиқат.

Бұл мәселені мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған әр жылдардағы Жолдауының қайсыбірінде болмасын тұрақты түрде басым бағыттардың бірі ретінде қарастырып келеді.

«Ақбұлақ» бағдарламасының алғашқы жобадан айрықша өзгешеліктері де жоқ емес. Алдымен су-

мен жабдықтайтын жаңа нысандар салу мен қолданыстағыларын қайта жаңарту кезінде жүйелілік әдісті енгізу, оның тиімділігін арттыру, су шаруашылығы секторының инвестициялық тартымдылығын және жабдықтау нысандарын қаржыландыруға жеке капиталды барынша тарту мәселелері қамтылған. Бағдарламаның негізгі мақсаты – халықты қажетті мөлшердегі және сапасына кепілдік берілетін ауыз сумен қамтамасыз ету болып табылады.

Әсіресе, ауыз су тапшылығын көп жылдан бері сезіп келе жатқан елді мекендердің мәселелері де шешімін тауып келе жатқандықтан. Бүгінде ауыз суды тасымалдап ішетін елді мекендерге аталмыш бағдарламаның шапағаты тиіп, толығымен тұщытылған ауыз сумен қамтылды.

Мәселен, 2012 жылы «Ақбұлақ» бағдарламасын іске асыру мақсатында Көкалат және Тәуіш ауылдарына су тұщыту қондырғысы орнатылса, 2013 жылы аталмыш бағдарлама бойынша Торғай ауылының беткі көздерінен алынатын су тартқышты қайта құрылымдап, іске қосып, бірінші көтерілімдегі су сору және трансформатор станциялары жаңартылған.

Ақкөл, Қарасу, Ақшығанақ ауылдарына да игілікті бағдарлама аясында су тұщыту қондырғысы орнатылып, жергілікті тұрғындарға су бір жерден ғана уақытылы беріліп отыр.

2014 жылы «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша Саға ауылын сумен жабдықтау құрылысы нысанының құрылыс-монтажы жүргізіліп, іске қосылды. Қазіргі таңда сағалықтар тұщытылған таза ауыз суды пайдаланып, ризашылықтарын білдіруде. Жалпы, Жанкелдин ауданы бойынша 23 елді мекеннің 11 елді мекенінде халық орталықтандырылған су көзімен қамтылған халық санымен шаққанда 82,8 пайыз, ал елді мекендердегі халық саны бойынша 47,8 пайыз.

Су тұщыту қондырғысы орнатылған ауылдар үйлерінің ішіне дейін су құбырын кіргізіп алып отыр.

«Ақбұлақ» мемлекеттік бағдарламасы ақжолтай міндетін 2020 жылға дейін толық жүзеге асырады деген сенім бар.

**Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.**  
Жанкелдин ауданы.

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы №246 қаулысы

Постановление акимата Костанайской области 12 июня 2015 года №246

2015 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы

"Қазақстан Республикасындағы жер-гілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 5-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 2015 жылға арналған басым ауыл

шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға) қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Облыс әкімі Н.САДУАҚАСОВ.**

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 19 маусымдағы № 5673 болып тіркелген.

Әкімдіктің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 246 қаулысыға қосымша

2015 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға)

| №   | Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі                                                                                                                            | 1 гектарға субсидиялардың нормалары, теңге                                                                                      |
|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.  | Жаздық бидай                                                                                                                                                           | 300                                                                                                                             |
| 2.  | Жаздық қатты бидай                                                                                                                                                     | 1000                                                                                                                            |
| 3.  | Сұлы                                                                                                                                                                   | 3000                                                                                                                            |
|     | Арпа                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                 |
|     | Тары                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                 |
|     | Қарақұмық                                                                                                                                                              |                                                                                                                                 |
| 4.  | Күздік қара бидай                                                                                                                                                      | 2000                                                                                                                            |
| 5.  | Бұршақтұқымдас дақылдар                                                                                                                                                | 5000                                                                                                                            |
| 6.  | Күнбағыс                                                                                                                                                               | 8000                                                                                                                            |
| 7.  | Рапс                                                                                                                                                                   | 9000                                                                                                                            |
| 8.  | Зығыр                                                                                                                                                                  | 8000                                                                                                                            |
| 9.  | Мақсары                                                                                                                                                                | 7000                                                                                                                            |
| 10. | Қыша                                                                                                                                                                   | 6000                                                                                                                            |
| 11. | Арыш                                                                                                                                                                   | 6000                                                                                                                            |
| 12. | Қытай бұршақ (соя)                                                                                                                                                     | 6000                                                                                                                            |
| 13. | Картоп                                                                                                                                                                 | 50000<br>90000 (тамшылатып суару)                                                                                               |
| 14. | Көкөністер                                                                                                                                                             | 60000<br>90000 (тамшылатып суару)<br>2000000 (барлық түрдегі жылыжайларда топырақтың қорғалған жағдайларында, 2 дақыл айналымы) |
| 15. | Бақша дақылдары                                                                                                                                                        | 30000                                                                                                                           |
| 16. | Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс                                                                                                                                          | 10000                                                                                                                           |
| 17. | Сүрлемдік жүгері                                                                                                                                                       | 80000 (суаруға)                                                                                                                 |
| 18. | Жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер                                                          | 10000<br>80000 (суаруға)                                                                                                        |
| 19. | Шабндық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту) үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көп жылдық шөптер | 10000                                                                                                                           |

Об установлении перечня приоритетных сельскохозяйственных культуры норм субсидий на 2015 год

В соответствии со статьёй 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", пунктом 5 Правил субсидирования повышения урожайности и качества продукции растениеводства, стоимости горюче-смазочных материалов и других товарно-материальных ценностей, необходимых для проведения весенне-полевых и уборочных работ, путем субсидирования производства приоритетных культур и стоимости затрат на возделывание сельскохозяйственных культур в защищенном грунте на 2015 год, согласно приложению.

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Аким области Н.САДУАҚАСОВ.**

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 19 июня 2015 года под № 5673

**ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Установить перечень приоритетных сельскохозяйственных культур и нормы

субсидий (на 1 гектар) на повышение урожайности и качества продукции растениеводства, удешевление стоимости горюче-смазочных материалов и других товарно-материальных ценностей, необходимых для проведения весенне-полевых и уборочных работ, путем субсидирования производства приоритетных культуры стоимости затрат на возделывание сельскохозяйственных культур в защищенном грунте на 2015 год, согласно приложению.

**Аким области Н.САДУАҚАСОВ.**

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 19 июня 2015 года под № 5673

Приложение к постановлению акимата от 12 июня 2015 года № 246

Перечень приоритетных сельскохозяйственных культур и нормы субсидий (на 1 гектар) на повышение урожайности и качества продукции растениеводства, удешевление стоимости горюче-смазочных материалов и других товарно-материальных ценностей, необходимых для проведения весенне-полевых и уборочных работ, путем субсидирования производства приоритетных культур и стоимости затрат на возделывание сельскохозяйственных культур в защищенном грунте на 2015 год

| №   | Перечень приоритетных сельскохозяйственных культур                                                                                                       | Нормы субсидий на 1 гектар, тенге                                                                                       |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.  | Яровая пшеница                                                                                                                                           | 300                                                                                                                     |
|     | Озимая пшеница                                                                                                                                           |                                                                                                                         |
| 2.  | Яровая твердая пшеница                                                                                                                                   | 1000                                                                                                                    |
| 3.  | Овес                                                                                                                                                     | 3000                                                                                                                    |
|     | Ячмень                                                                                                                                                   |                                                                                                                         |
|     | Просо                                                                                                                                                    |                                                                                                                         |
|     | Гречиха                                                                                                                                                  |                                                                                                                         |
| 4.  | Озимая рожь                                                                                                                                              | 2000                                                                                                                    |
| 5.  | Зернобобовые культуры                                                                                                                                    | 5000                                                                                                                    |
| 6.  | Подсолнечник                                                                                                                                             | 8000                                                                                                                    |
| 7.  | Рапс                                                                                                                                                     | 9000                                                                                                                    |
| 8.  | Лен                                                                                                                                                      | 8000                                                                                                                    |
| 9.  | Сафлор                                                                                                                                                   | 7000                                                                                                                    |
| 10. | Горчица                                                                                                                                                  | 6000                                                                                                                    |
| 11. | Рыжик                                                                                                                                                    | 6000                                                                                                                    |
| 12. | Соя                                                                                                                                                      | 6000                                                                                                                    |
| 13. | Картофель                                                                                                                                                | 50000<br>90000 (капельное орошение)                                                                                     |
| 14. | Овощи                                                                                                                                                    | 60000<br>90000 (капельное орошение)<br>2000000 (в условиях защищенного грунта на всех типах теплиц, 2 культуурооборота) |
| 15. | Бахчевые культуры                                                                                                                                        | 30000                                                                                                                   |
| 16. | Кукуруза и подсолнечник на силос                                                                                                                         | 10000                                                                                                                   |
| 17. | Кукуруза на силос                                                                                                                                        | 80000 (на орошении)                                                                                                     |
| 18. | Кормовые культуры, в том числе многолетние бобовые травы первого, второго и третьего годов жизни                                                         | 10000<br>80000 (на орошении)                                                                                            |
| 19. | Многолетние травы первого, второго и третьего годов жизни, посеянные для залужения (или коренного улучшения) сенокосных угодий и (или) пастбищных угодий | 10000                                                                                                                   |

Алдыңғы қатарда

Гүлназым САФИТОВА

Қарағанды облысындағы "Спасск" оқу орталығында "Айбын" жастарға арналған бірінші республикалық әскери-патриоттық жиынға облысымыздағы "Сармат", "Ұлан" әскери-патриоттық клубтары қатысты.

Тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуын жетілдіру, олардың әскери қызметке дене тәрбиесі және моральдық-психологиялық тұрғыда даярлығын жоғарлату мақсатында әскерге шақырылатын жастар арасында Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігінің спорт комитеті және жауынгерлік

дайындық департаментінің бас штабы әскери-қолданбалы спорты бойынша жарыстар өткізді. Жиынның қорытындысы бойынша Қостанай облысы жүлделі үшінші орынға ие болды. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мадақтамасымен және кубогымен марапатталды. Жекелей есепте, мысалы, әскери-медициналық даярлық бойынша Салтанат Салауатова, Айым Рсалина, Александра Шевченко 2-ші орынды, Дәулеткерей Бауыржанұлы жерден қолды тіреп итерілуден 1-ші орын, Файса Джабаев жалпы әскери қорғаныс комплектіні плащ түрінде киуден 4-ші орын алды.

Бұл туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқығын қорғау комитетінің төрайымы Зәбира Оразалиева "ҚР-дағы әлеуметтік жетімдіктің алдын алу: жағдайды сапалық жағынан өзгерту және проблеманы шешудің қазіргі заманғы тәсілдері" атты дөңгелек үстел барысында айтты. Комитет төрайымының айтуынша, бүгінгі таңда балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілер саны төмендеуі байқалғанымен, балалардың отбасында тәлім-тәрбие алу құқығын толыққанды жүзеге асыруға кедергі келтіретін бірқатар проблемалар сақталып отыр. "Сараптама көрсеткеніндей, елімізде жыл сайын 900-ден астам ата-ана өз құқықтарынан

айырылып, 2 мыңнан астам бала интернатқа қабылданады. Ішкі істер органдарында 12 мыңнан астам тұрмысы нашар отбасы есепке алынған. Осы отбасылар 18 мыңнан астам баланы тәрбиелеп отыр", – дейді комитет төрайымы.

Оның айтуынша, әлеуметтік жетімдіктің алдын алуды дамыту перспективасы отбасындағы дағдарысты ерте бастан анықтау жүйесін енгізумен тығыз байланысты екендігін атап өтті. Қазіргі кезде балалар үйлері мен жасөспірімдерге арналған бейімдеу орталықтарында 69 отбасыны қолдау қызметі, 117 бала асырап алушы ата-ана мектептері құрылды.

Кім кінәлі?



«Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (110700, Жітіқара қаласы, 6 шағын аудан 65 үй, анықтама үшін телефондары 8(71435) 4-91-77, 8(71435) 4-92-22, электрондық мекенжайы akimat.zhitikara@mail.ru.) «Б» корпусының бос өкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды: **Тұрғын үй-коммуналдық секторының бас маманы, санаты Е-Г-3.**

**Лауазымдық жалақысы еңбек өтіліне байланысты 53 813 теңгеден 72 391 теңгеге дейін.**

**Функционалдық міндеттері:** Сот тәртібінде жер учаскелерін иесіз деп тану, оларды есепке қою жөніндегі жұмыс. Жер учаскелеріне құқық беру үшін өтініштерді қарау жөніндегі комиссия отырысына материалдар дайындау, олардың өтініштерін қарау нәтижелері туралы өтініш берушілерге жазбаша хабарландырулар дайындау. Жерлердің мониторингін жүргізеді және жерлерді өз бетінше иеленіп алу жағдайда барлық қажетті құжаттарды дайындау. Жеке және заңды тұлғалардың жазбаша өтініштерін заңмен белгіленген тәртіпте қарау және жауаптар әзірлеу. Жер телімдерін беру жөніндегі жергілікті атқарушы органдар шешімдерінің жобаларын әзірлеу және нормативтік құжаттар мен өңірлік бағдарламаларды дайындауға қатысу. Өкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер қозғалады. Қала әкімінің, қала әкімі орынбасарының, сектор меңгерушісінің тапсырмаларын орындайды.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары білім немесе ортадан кейінгі білім: техникалық ғылымдар және технология немесе ауыл шаруашылығы ғылымдары немесе (жерге орналастыру, кадастр) мамандықтары бойынша. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білім барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос өкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:**

1) Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** Қостанай облысы, Жітіқара қаласы, 6 шағын ауданы, 65 үй, 32 кабинет мекенжайы бойынша тапсырылуы қажет.

Анықтама телефондары 4-92-22, 4-91-77, электрондық пошта – akimat.zhitikara@mail.ru.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күні ішінде** «Жітіқара ауданы әкімінің аппараты» ММ-де өтеді.

Конкурстық комиссияның айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады.

Конкурс комиссиясының байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдар), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың, өкілдер, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей «Жітіқара ауданы әкімінің аппараты» персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар Жітіқара ауданы әкімінің аппаратының персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

зеді. Бақылауда тұрған құжаттарды белгіленген мерзімдерде орындау. Өкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер қозғалады. Қала әкімінің, қала әкімі орынбасарының, сектор меңгерушісінің тапсырмаларын орындайды.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары білім немесе ортадан кейінгі білім: экономика және бизнес (экономика, есеп және аудит, қаржы). мамандықтары бойынша. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білім барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос өкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары

## Жарнама бергіңіз келсе 54-33-22, 54-99-69 (факс)

**«Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бірыңғай конкурстық комиссиясы «Алтынсарин ауданы әкімдігінің білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, санаты Е-Р-4, бос мемлекеттік өкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 56 375 теңгеден 76 235 теңгеге дейін.**

**Функционалдық міндеттері:** Облыстық және аудандық тапсырмалардың орындалуын бақылау. Білім беру бөлімінің жылдық жоспарын әзірлеу. Құқықтық білім мектебі. Білім беру бөлімінің мамандарын құқықтық сауаттылықпен қамту. Ұйымдағы іс жүргізуді және мұрағат ісіне тексеріс жүргізуге қатысу. Мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеу. Ведомстволық мұрағатты жүргізу. Қаржы басқармасына қаржы декларациясын толық өз және уақытында тапсырылуын, мемлекеттік сатып алудың ұйымдас-тырылуымен жүргізілуін бақылау.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары (заңды, экономикалық, педагогикалық). Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес, осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі (заңды, экономикалық, педагогикалық) барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері Агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген бос өкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс комиссиясын қалыптастыру Қағидалары (бұдан кейін – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:** 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық

сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** «Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің кадр қызметі бөліміне тапсырылуы тиіс. Мекенжайы: Алтынсарин ауданы, Обаған ауылы, Ленин көшесі, 4. 110100, Алтынсарин ауданы, Обаған ауылы, Ленин көшесі 4, анықтама телефоны: 8(71445) 49-027, факс 34248, электрондық мекенжайы: altynsar@kostonay.gov.kz.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күні ішінде** «Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурстық комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурстық комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жерді жалдауды, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

(бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:**

1) Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** Қостанай облысы, Жітіқара қаласы, 6 шағын ауданы, 65 үй, 32 кабинет мекенжайы бойынша тапсырылуы қажет.

Анықтама телефондары 4-92-22, 4-91-77, электрондық пошта – akimat.zhitikara@mail.ru.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық

пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күні ішінде** «Жітіқара ауданы әкімінің аппараты» ММ-де өтеді.

Конкурстық комиссияның айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады.

Конкурс комиссиясының байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдар), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың, өкілдер, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

